

**Мәртөк ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 109 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 мамырда № 3574 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 252 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 252 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5, 5-6 тармақшаларына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында меншік түріне қарамастан қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін барлық жұмыс орындар санынан екі пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.Алматбаева) белгіленген квотаға сәйкес, аудан кәсіпорындары мен ұйымдарына қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғаларды бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Б. Күзембаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК